Шамшырақ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Еліміздің жарқын болашағына нұсқау

**Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы келесі сөздері менің ойыма қонымды келеді: "Бүгінде төл тарихымзға көзқарас керекдей келе келесі мәселелерге көңіл бөлуді ұсынады.**

Қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және коньюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара-бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді.Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар,сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз".

Тарихымыздағы болған оқиғаларды шын ниетімізбен ғылыми негізде талдап, объективті және субьективті жағдайларын нағыз ғылыми негізде анықтап, қателіктерін келешекте болдырмау мақсатында іс-шаралар қабылдап отырсақ, Еліміздің шын алға дамуына қажетті қадамдар жасаған болар едік.

**Ә.ҮМБЕТОВ,**
**ЖАФ деканы, АрқМПИ профессоры.**